

KASE биржалық ақпаратты ұсыну бойынша сервис сапасын арттыру мақсатында техникалық инфрақұрылымды жетілдірумен үздіксіз айналысады, сондай-ақ жаңа ақпараттық өнімдер мен қызметтерді құру бойынша жұмыс істейді. Стратегияны іске асыру кезеңінде биржалық ақпараттың алты таратушысы – CitigroupGlobalMarketsLtd, S&P GlobalInc (former SNL), StatproCanadaInc, "ФридомФинанс" АҚ, "Atameken Business Channel" ЖШС, "Райфайзенбанк"АҚ тартылды. Олардың үшеуі KASE-нің серіктесі Вена қор биржасы (WBAG) тартқан.

2016 жылы құрлықтық Қытай аумағында ақпараттық өнімдерді жылжыту мақсатында China Investment Information Services limited (CIIS) - мен ынтымақтастық орнатылды.

KASE биржалық ақпаратты ұсыну бойынша сервис сапасын арттыру мақсатында техникалық инфрақұрылымды жетілдірумен үздіксіз айналысады, сондай-ақ жаңа ақпараттық өнімдер мен қызметтерді құру бойынша жұмыс істейді. 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін бес жаңа ақпараттық өнім іске қосылды:

- Non-display / Туынды ақпарат
- Анықтамалық ақпарат
- Биржа мүшелеріне ақпарат беру
- KASE жаңалықтары
- Корпоративтік оқиғалар

2017 жылы Telegram – бот @KASEInfoBot қосымшасында KASE ақпараттық сервисі іске қосылды. Арна валюталық және қор нарықтары туралы ақпаратты, индикаторлардың мәні туралы ақпаратты, сондай-ақ дивидендтер туралы ақпаратты қамтиды. 2019 жылдың 01 қаңтарына оның пайдаланушылар саны 2 900 адамды құрады.

IT-жүйелерді дамыту

Ақпараттық жүйелердің бас тартуға төзімділігі жоғары деңгейдегі деректерді өңдеудің қазіргі заманғы тиімді бөгде орталықтарына (ДӨО) көшуі бойынша жұмыстар аяқталды. Виртуалды серверлерде жұмыс істеуге мүмкіндігі бар Биржаның барлық ақпараттық жүйелері виртуалданған ортаға ауыстырылды.

2018 жылы NEXT сауда жүйесінде Орталық контрагенттің (ОК) қызметін қамтамасыз ету үшін жаңа модульдер іске қосылды. Бұл жүйеде брокерлерге валюталық сауда-саттыққа қол жеткізу мақсатында қосымша пысықталды.

Негізгі жүйелерді жетілдіру мақсатында: сауда жүйесі, клиринг жүйесі, FIX-шлюздер 2016-2018 жылдары іске қосылды:

- BOS және CS-9 нұсқасы және 5 нұсқалығы, 1 шығарылым және 4 алдын-ала шығарылым;
- AST-12 нұсқасы және 6 нұсқалығы;
- Fix TR-7 нұсқасы;
- NEXT-5 нұсқасы.

Сауда жүйелерінің бас тартпаушылығын арттыру мақсатында 2017 жылы АСТ және NEXT сауда жүйелерінің техникалық хабары шығарылды.